

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 225 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 шілдеде № 4173 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 190 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 12.04.2018 № 190 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 6) тармақшасына сәйкес Төлеби ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Төлеби ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 349 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3922 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 1 қаңтардағы "Төлеби туы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Төлеби ауданы әкімінің орынбасары Р . Бейсебаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін  
уақытша атқарушы*

*С. Дуйсебаев*

Төлеби аудан әкімдігінің 10  
шілде 2017 жылғы № 225  
қаулысына қосымша

## Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

№	Кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Төлеби ауданы әкімдігінің "Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	49	1
2	"Төлеби аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	50	2
3	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Бірінші Мамыр жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	174	3
4	"№ 16 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2
5	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	69	2
6	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 6 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	53	2
7	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 7 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	135	3
8	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Абай атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2
9	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Ақайдар жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2
10	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2
11	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Алатау жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2
12	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Б.Түлкіев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	2
13	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Әл-Фараби атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	2
14	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Қ.Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	2
15	Төлеби аудандық білім бөлімінің "М.Х.Дулати атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	70	2
16	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Момынай жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2
17	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Нысанбек жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2
18	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Сарқырама жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2
19	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2

